

9. Foreign investment to be screened to protect EU countries' strategic interests, Press Release by European Parliament, Brussels, 28.05.2018 / <http://www.europarl.europa.eu/news/en/press-room/20180528IPR04446/foreign-investment-to-be-screened-to-protect-eu-countries-strategic-interests>
10. European Commission – Speech, President Jean-Claude Juncker's State of the Union Address 2017, Brussels, 13.09.2017 / http://europa.eu/rapid/press-release_SPEECH-17-3165_en.htm
11. EU ambassadors band together against Silk Road, Handelsblatt GLOBAL, 2017 / <https://global.handelsblatt.com/politics/eu-ambassadors-beijing-china-silk-road-912258>

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ МӘДЕНИ САЯСАТЫНЫҢ СЕРПІНІ

ӘОЖ 327

Аңдатпа. Әрбір мемлекеттің халықаралық беделін көптеген факторлар анықтайды. Бұл - саяси салмақ, ықпал және экономикалық ресурстар, сонымен қатар оның рухани және мәдени әлеуеті. Қақтығыстар мен тұрақсыздық дәуірінде әлемдік саясатта «жұмсақ күш» құралы ретінде мәдениет факторы жаңа мәнге ие болады. Бұл - мемлекеттің мүдделерін алға жылжыту, әлеуметтік және мәдени ынтымақтастықты кеңейту, халықтар мен халықтар арасындағы өзара түсінушілікті жақсарту үшін пайдаланылатын мемлекеттік саясаттың маңызды құралы. Қазақстанның сыртқы мәдени саясаты шетелде еліміздің қолайлы имиджін қалыптастыруға, сондай-ақ әлемдегі өзінің ұлттық мүдделерін насихаттауға бағытталған. Біз шетелдік достарымызға нені көрсеткіміз келеді? Мүмкін, достар мен көршілер үшін Қазақстанның тартымды оң бейнесі. Мұнда келесі сұрақ туындайды - бұл тартымдылық критерийлері қандай? Шетелдіктерді нақты немен қызықтыра аламыз?

Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мемлекет жүргізіп отырған сыртқы мәдени саясат қарастырылады. Автор осы бағдарламаның мақсаттарына жету үшін әзірленген негізгі құжаттарға назар аударады, құжаттарда тұжырымдалған мақсаттарды, міндеттерді талдайды. Мақалада Мемлекет басшысының бастамасы бойынша бағдарламаны жылжыту және жүзеге асыруға қатысатын түрлі мекемелер мен министрліктердің рөлі белгіленген.

Тірек сөздер: Рухани жаңғыру, сыртқы мәдени саясат, халықаралық қатынастар, жұмсақ күш, жаһандану, мәдениет.

Аннотация. Международная репутация любого государства определяется многими факторами. Это не только политический вес, влияние и экономические ресурсы, но и его духовно-культурный потенциал. В эпоху конфликтов и нестабильности фактор культуры как инструмента «мягкой силы» в мировой политике приобретает новое звучание. Это значимый инструмент политики государства, который используется для продвижения интересов страны, расширения социального и культурного сотрудничества, для улучшения взаимопонимания между нациями и народами.

Внешняя культурная политика Казахстана, как и любого государства, нацелена на создание благоприятного имиджа страны за рубежом, а также на продвижение собственных национальных интересов в мире. Что мы хотим показать нашим иностранным друзьям? Наверно, позитивный образ Казахстана, привлекательный для друзей и соседей. Вот тут и возникает вопрос – каковы критерии этой привлекательности? Чем именно мы можем привлечь иностранцев?

В статье рассматривается внешняя культурная политика Казахстана, проводимая государством в рамках программы «Рухани жаңғыру». Автор уделяет внимание основным событиям, которые вырабатывались для реализации целей программы, анализирует цели, задачи, которые сформулированы в документах. В статье отмечается роль различных институтов и министерств, которые занимаются продвижением и реализацией инициативной Главой государства программы.

Ключевые слова: Рухани жаңғыру, внешняя культурная политика, международные отношения, мягкая сила, глобализация, культура.

Abstract. The international reputation of any state is determined by many factors. This is not only political weight, influence and economic resources, but also its spiritual and cultural potential. In an era of conflict and instability, the factor of culture as a tool of “soft power” in world politics acquires a new meaning. This is a significant tool of state policy, which is used to advance the interests of the country, expand social and cultural cooperation, and improve mutual understanding between nations and peoples.

The foreign cultural policy of Kazakhstan is aimed at creating a favorable image of the country abroad, as well as at promoting its own national interests in the world. What do we want to show our foreign friends? Probably a positive image of Kazakhstan, attractive to our friends and neighbors. Here the question arises - what are the criteria for this attractiveness? What exactly can we attract foreigners?

This article discusses the foreign cultural policy of Kazakhstan, conducted by the state in the framework of the program “Rukhani Zhangyru”. The author pays attention to the main events that were developed to achieve the goals of the program,

analyzes the goals, objectives, which are formulated in the documents. The article notes the role of various institutions and ministries that are engaged in the promotion and implementation of the program initiated by the Head of State.

Keywords: Rukhani Zhangyru, foreign cultural policy, international relations, soft power, globalization, culture.

JEL code: F500, F680, Z00

К.Ш. ТӨЛЕУОВА	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының докторанты
Ж.Ә. БАЙМҰРАТОВА	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының ассистенті

Зауыттар мен жолдар салып жатқан еліміз бірнеше жылға алдын ала негіз қалауда. Мектептер мен ауруханалар тұрғызып жатқан еліміз ұлтымыздың онжылдықтағы келешегінің қамын жасауда. Театрлар салып жатқан еліміз алдағы ғасырларға бүгінгің биігінен қарауда.

Нұрсұлтан Назарбаев

Заманауи әлемде бүкіл дүниежүзін бірлестіріп, мемлекеттік шекараларды жоятын жаһандану үдерістері белсенді түрде күшейіп келеді. Дүниежүзілік экономика жүйесі ұлтаралық компаниялар басым ететін біртұтас нарыққа айналуға. Ғаламдану экономика саласына ғана емес, адамзат өмірінің басқа да аумақтарына әсерін тигізеді: саясат, білім беру, ғылым, дін, мәдениет және басқалары. Алайда ғаламдану процестерінің тек оң салдарымен бірге теріс нәтижелері де бар.

Дүниежүзілік қауымдастықтың бірыңғай экономикалық кеңістікке интеграциялау шеңберінде әр елдің алдында өзінің бірегей, оның ішінде мәдени сәйкестігін сақтау өзекті мәселесі алға тартылады. Мемлекеттер алдында батыстандыру проблемасы туындайтын кезде, өз мәдени мұрасымен дәстүрлерін елемей, рухани құндылықтар осы ұлтқа бірден-бір дәстүрлі емес байлықтар мен менталитетке айналдыруға тырысатын жағдайлар да баршылық. Жаһандану тұрғысынан әлемнің барлық елдері үшін ұлттық рухани құндылықтарды және мәдени мұраны қалай сақтау бірінші кезектегі мәселе болып табылады.

Әсіресе, аталған әдіс әлеуметтік-экономикалық және саяси транзит жағдайындағы өтпелі экономикасы бар елдерге қатысты деп айтуға болады. Мұндай елдерге жаһандық қоғамдастықтың сын-тегеуріндеріне уақытылы және тиімді жауап қайтару қажет. Мұны орындау үшін келесі бірқатар қадамдарды орындауды талап етеді: жаңа әлемдік тәртіп құрылымында өз орнын анықтау, әлеуметтік-экономикалық және саяси институттарды жаңғырту, мемлекеттің саяси және құқықтық, рухани-мәдени ерекшеліктерін сақтау. Өтпелі экономикасы бар ел ретінде Қазақстан бұл қадамдарды жүзеге асырады.

Әлемдік қоғамдастықта өз орнын белгілеу тұрғысынан еліміз Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың жаһандық бейбітшілікті қолдау жөніндегі бастамалары арқасында өңірлік және жаһандық проблемаларды шешуде жауапты әрі әйгілі халықаралық әріптес және бейбітшілік эталоны ретінде өзін танытты. Елбасының сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымы - «Шекараны таспен емес, доспен қоршау керек».

Қазақстанның ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ИЫҰ, ҰҚШҰ-ға төрағалық етуі жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде көшбасшы ретінде біздің еліміздің беделі мен халықаралық сенімін дәлелдейді. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты, көпжақты және аймақтық бастамаларды қолдау, ядролық қаруды таратпау ұстанымы, Еуропа мен Азия арасындағы бірегей геосаяси орналасуы әлемдік қауымдастық тарапынан Қазақстанға қатысты осындай сенім тудырады. Қазақстанның мұндай жетістігі аймақтағы геосаяси рөлін күшеюіне әкелді.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси институттарды модернизациялау тұрғысынан Қазақстан өзінің даму жолын таңдады. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның әлеуметтік-саяси және экономикалық трансформациясын Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев үш дәйекті жаңғырту үдерісі ретінде айқындайды. Қазақстанның алғашқы жаңғыртуы КСРО ыдырағаннан кейін және тәуелсіздік алғаннан соң жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу жолымен өтті. Қазақстанның екінші модернизациясы «Қазақстан-2030» Стратегиялық даму бағдарламасын жүзеге асыру және еліміздің жаңа елордасы Астананы құруымен байланысты.

Төртінші Индустриялық революцияның шындықтарын, жаппай цифрландырудың әлемдік үрдістерді, жаһандық қоғамға өтуді ескере

отырып, 2017 жылдың 31 қаңтарында Мемлекет басшысы Н. Назарбаев еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін экономикалық өсудің жаңа моделін құру арқылы Қазақстанның үшінші жаңғыруының басталуы туралы жариялады.

«Қазақстанның Бірінші жаңғыруы бәріміздің есімізде. 25 жыл бұрын КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды қалай бастағанымыз жадымызда тұр. Сол кезде біздің буын іргетасынан бастап қолға алып, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет құрды. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылды. Біздің бәріміз бірлесіп, сол кезде елімізді күйреуге, азамат соғысына, экономикалық күйзеліске ұшыратпағанымыз мен үшін өте маңызды. Қазақстан бұл кезеңде аз шығын шығарып, зор жетістіктерге қол жеткізді. Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда – Астананың салынуымен басталды. Оның нәтижелі болғаны дау тудырмайды. Еліміз экономикалық тұрғыдан артта қалған аймақтан шығып, әлемдегі экономикасы бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кірді. Табысты өткен екі жаңғыру арқылы баға жетпес тәжірибе жинақтадық. Біз енді алға батыл қадам басып, Үшінші жаңғыруды бастауға тиіспіз. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет» - деген еді Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында [1].

Ұлттық мемлекеттің саяси-құқықтық, рухани-мәдени ерекшеліктерін сақтау тұрғысынан алғанда, қоғамдық сананы жаңғырту жоспарланып отыр, оған Қазақстанның рухани және мәдени мұраларын сақтау және тарату жөніндегі шаралар кіреді. Өйткені жаһандану жағдайында экономиканың жаңа бәсекеге қабілетті моделін құру үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жеткіліксіз, мәдениетке, рухани құндылықтарға, ұлттық дәстүрлерге және ұлттық сәйкестілікке үлкен назар бөлінуі керек. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», - ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай деп баяндайды [2].

Мәдени саясат «жұмсақ күштің» компоненті ретінде

Ядролық қаруды пайдалану жағдайында бүкіл адамзаттың жойылып кетуі, әлемдік державалардың әскери әлеуетін дамыту, әртүрлі әскери жанжал мен қақтығыстардың пайда болуы, қысым мен мәжбүрлеу арқылы түрлі құндылықтарды (соның ішінде, демократиялық қағидаларды) енгізу - бұл Үшінші дүниежүзілік соғыстың төнген және тұрақты қауіпіне алып келеді. Заманауи әлемде адамзатқа қауіп

төндіретін жағдайлар өз шарттарын белгілейді, әлемдік дипломатияның өзекті теориясы мен тәжірибесіне өзгертулерді енгізеді.

Бұрын әлем тарихында халықаралық қатынастар саласында «қатаң күш» (hard power) стратегиясы табысты болып табылатын. Дегенмен, державалар қысым және мәжбүрлеумен әскери және экономикалық ресурстарды пайдалануды білдіретін «қатаң күшке» қарағанда, бүгінгі таңда әлемдік дипломатияда «жұмсақ күш» (soft power) ұғымы анағұрлым салмақты позицияға ие болды. Аталған бұл тұжырымдаманы (оның ішінде «қатаң күш», «ақылды күш» (smart power) деген ұғымдарды да) халықаралық қатынастар проблемалары жөніндегі ең танымал американдық сарапшылардың бірі, Гарвардтық ғалым Джозеф Най қолданысқа енгізген. Дж. Най «жұмсақ күш» ұғымы өз дегеніне мәжбүрлеу немесе сатып алу арқылы емес, әріптестердің еркін қатысуы негізінде жету дегенді білдіретіндігін атап көрсетеді. «Жұмсақ күш» мемлекет өз мәдениетімен, саяси идеалдар және бағдарламаларымен тартымдылық еткен кезде пайда болады» [3, 167 б.].

Дж. Найдың тұжырымдамасына сәйкес, «күш» сөзінің ұғымы көп нәрсе тәуелді болатын құбылмалы ауа-райымен салыстырылады, бірақ оның әсері орынды түсінікке немесе нақты есептеулерге келмейді. Бұл ретте, халықаралық қатынастардың акторлары болып табылатын мемлекеттер қажетті саяси және экономикалық мақсаттарға қол жеткізуге арналған әртүрлі құралдар мен ресурстарды білдіреді.

Халықаралық қатынастар саласында «жұмсақ күш» - ол мәдени іс-әрекеттер арқылы саяси өлшем туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған инновациялық концепция. Әлемдік аренада «жұмсақ күш» басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасауда едәуір дәрежеде өз мәдениеті арқылы көрсетілген елдің құндылықтарына негізделеді. Мысалы, франко-пруссиялық соғыста жеңілгеннен кейін Франция 1883 жылы негізін қалаған Alliance Française арқылы тілін және әдебиетін насихаттау жолымен өзінің беделін қалпына келтіруге тырысты. Сөйтіп француз мәдениетінің шетелге проекциясы сол елдегі дипломатияның маңызды құрамдас бөлігі болды.

Қазіргі заманғы мемлекеттің «күші» үш ресурстық компоненттен тұрады: әскери ресурстар, экономикалық ресурстар және «жұмсақ күш» ресурстары. Өз кезегінде, «жұмсақ күшті» үш элемент құрайды: мәдениет, саяси идеология мен құндылықтар, сыртқы саясат [4, 94 б.]. Айта кететіні, аталған элементтер өз мүдделеріне қол жеткізу үшін мақсатты аудиторияға тартымды болуы керек. Осы жайт арқылы «жұмсақ күш» насихаттау және басқа да ұқсас әсер ету әдістерінен ерекшеленеді. Мұндай тартымдылықты Дж. Най былай деп атап көрсетеді: «Өзгелерді өзіңіз қалаған нәрсені

қалауға талпындыра алсаңыз, адамдарды дұрыс бағытта жылжыту үшін қажет қамшылау және арбау тәсілі арзанырақ шығады» [5, 81 б.].

Мәдениет адамзаттың шығармашылық, рухани және интеллектуалды қызметінің әмбебап тілі ретінде этникалық, діни және әлеуметтік белгілерімен ерекшеленетін адамдардың топтары арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді. Және де қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер етеді: әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани сияқты.

Бұдан басқа, жаһандану мен елдерді бірыңғай ғаламдық кеңістікте біріктіру тұрғысынан «жұмсақ күштің» құрамдас бөліктерінің бірі ретінде мәдениет халықаралық қатынастарды қалыптастыру мен сақтауда елеулі позицияға ие болады, әлемдік саясатта әртүрлі саяси және экономикалық процестерге ықпал ету құралына айналады.

Осыған лайық, қазіргі жаһандану жағдайындағы әлемде көптеген елдер мәдениетке деген қажетті назар аударуды және қызығушылығын арттырып, өздерінің мәдениет саясатын ел ішінде де, сыртында да стратегиялық тұрғыдан қалыптастыруға тырысады. Осыған байланысты, «мәдени саясат - барлық салаларда өзін-өзі ұйымдастыру процестерін қолдау құралы, бір мезгілде ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістер кезінде саясат, экономика және мәдениет арасындағы ресурстық әлеуетті қайта бөлуге әсер етеді», - деп дәлелдеуге болады [6, 217 б.].

1967 жылы халықаралық деңгейде ЮНЕСКО халықаралық ұйымы жетекші мемлекеттердің өкілдерімен мәдени саясаттың негізгі іргетастарын әзірлеу бойынша кездесулер өткізді, соның нәтижесінде мәдениет саласындағы саясат «мәдени саладағы мемлекеттік іс-қимылдардың негізін қамтамасыз ететін операциялық қағидалар, әкімшілік және қаржылық қызмет пен процедуралардың жиынтығы», - деп анықталды, бұл анықтама «ішкі мәдени саясат» ұғымына сәйкес келеді [7, 5 б.].

Ішкі мәдени саясат, ең алдымен, ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға және осы елдің барлық азаматтарына ұлттық мәдениеттің жетістіктеріне бірдей және тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Өз кезегінде «сыртқы мәдени саясат» ұғымы көптеген елдерде айналымға түсуде және АҚШ, Ресей, Германия, Франция, Италия, Испания, Австрия және т.б. мемлекеттердің ресми құжаттарында белсенді түрде қолданылады. Атап өтетін жайт, бұл елдер сыртқы мәдени саясатты қалыптастыру, мемлекет тарапынан жеткілікті қаржыландыруды қамтамасыз ету және мемлекеттік емес, сондай-ақ үкіметтік емес және коммерциялық ұйымдарды тарта отырып, «жұмсақ күшті» насихаттау үшін белгілі концепцияларды қабылдаған.

Дегенмен, қазіргі заманғы саяси ғылымда бұл терминді белсенді пайдалануына қарамастан,

«сыртқы мәдени саясат» тұжырымдамасын және сыртқы мәдени саясаттың теориялық негіздерін анықтауда қазіргі ғылымда белсенді талқылаулар пайда болды, сондай-ақ сыртқы мәдени саясатқа қатысты нақты түсінік беретін мәселеге бірыңғай көзқарас жоқ.

Бір жағынан, бұл сыртқы мәдени саясаттың ұғымы өте кең екендігімен байланысты және әртүрлі сарапшылар бұл тұжырымдаманы өздігінше түсіндіреді, сондықтан бір үлкен концепцияны бөліп анықтауда қиындықтар туындайды.

Сыртқы мәдени саясаттың отандық және шетелдік сарапшылардың әртүрлі анықтамаларына сүйене отырып, бұл ұғымды келесідей тұжырымдауға болады: сыртқы мәдени саясат – ол дегеніміз сыртқы бағытта жүзеге асырылатын, сыртқы саясаттың міндеттерін шешу және қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында ұлттық мәдениетті насихаттауға бағытталған, қоғамдық пікірі ескеріліп, жоғары мемлекеттік билік қалыптастырған қызмет пен іс-шаралар кешені.

Ішкі және сыртқы мәдени саясаттың өзара байланысы бар екенін ескеру қажет. Ішкі мәдени саясат ел ішінде мәдени мұраны сақтау және мәдени жетістіктерді дамыту үшін жағдай жасайды, осылайша сыртқы мәдени саясатта қолданылатын мәдени ресурстарды жинақтайды.

Өз кезегінде жаһандану мәдениет пен құндылықтар тұрғысынан ішінара батыстану жағдайында жөн қалыптасқан және жүзеге асырылатын сыртқы мәдени саясат бірегей мәдени мұраны, тілді, дәстүрді, ұлттық кодты сақтауда септігін тигізеді. Тиісінше, ішкі және сыртқы мәдени саясат көбінесе өзара байланысты.

Сыртқы мәдени саясат нысаналы қызмет, және төмендегі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған: шет елдермен диалогті және сенімді қарым-қатынасты орнату және қолдау; халықаралық өзара түсінушілікті қалыптастыру; аймақтық қақтығыстарды алдын алу; мәдени гегемониямен күрес, мәдени әртүрлілікті сақтау; әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау бойынша ғаламдық мәселені шешуге қолғабыс ету; халықаралық қатынастарды үйлестіру; мемлекетаралық қайшылықтарды шешу үшін медиация және дағдарысқа қарсы қатынастарды насихаттауға арналған көпір; әлемдегі қақтығыстар деңгейін төмендету; мемлекеттің тартымды бейнесін қалыптастыру; мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын жақсарту; оң бейнені құру және құрметтеу; мемлекеттің сыртқы саяси және экономикалық міндеттерін шешуге жәрдемдесу; әлемнің мәдени және өркениеттік алуандығын сақтау; шетелде ұлттық мәдениет пен тілді сақтау және көпшілікке тарату.

Жоғарыда аталған мақсаттар өзара тығыз байланысты. Олардың әрқайсысының ойдағыдай

жүзеге асуы қалған мақсаттарды іске асыруға жағдай жасауына ықпал етеді.

Әдетте, сыртқы мәдени саясаттың субъектілеріне келесілер жатады: мемлекеттік басқару органдары (Үкімет, Сыртқы істер министрлігі және оның шетелдегі өкілдіктері, Мәдениет министрлігі, Білім министрлігі, Спорт министрлігі, мамандандырылған агенттіктер немесе мекемелер және т.б.); сыртқы саяси қызметте монополист ретінде мемлекет тартатын субъектілері (шетелдік мәдени орталықтар, мемлекеттік мәдени және гуманитарлық мекемелер, мемлекеттік БАҚ және интернет-ресурстар және т.б.); үкіметтік емес ұйымдар (қоғамдық ұйымдар, қорлар, қауымдастықтар, мемлекеттік емес мәдени-гуманитарлық институттар, шетелдегі отандастарымыздың ұйымдары, қоғамдық БАҚ және Интернет-ресурстар, жеке тұлғалар).

Сыртқы мәдени саясаттың объектілері жүйесіне мемлекеттік тіл, мәдени өнімдер (музыка, әдебиет, кино), өнер, білім, ғылым, туризм, спорт, насихаттау, көрмелік іс-шаралар, мемлекеттің шетелдегі мәдени мұрасы, мәдени және ғылыми алмасу, дінаралық диалог және т.б. кіреді.

Рухани жаңғыру үшінші саяси және экономикалық жаңғырудың өзегі ретінде

Мемлекет басшысы ұсынған қоғамдық сананы модернизациялау бағдарламасы бірегей ұлттық сәйкестікті және мәдени мұраны сақтау, бұған қоса батыстандыруды азайту арқылы жаһандану үдерістерінің теріс әсерін төмендетуге бағытталған.

Тамыры жоқ ағаш құрғап қалады, сол сияқты өзінің тамырын, туған жерін, ана сүтімен бойға дарыған құндылықтар, ата-бабаларының мәдени мұрасын ұмытқан адам баласы мұндай тез өзгеретін әлемде қолдау жоғалтады және тұрақсыз болады. Сондай-ақ, ұлттық мәдени тамырларға тірелусіз мемлекет тұрақсыз болып, әлемдік деңгейде өзінің бірегейлігін жоғалтуы мүмкін.

Өз мәдениетін, ұлттық кодын сақтау, тарихи тәжірибе мен дәстүрді құрметтеу дегеніміз – ол халықтың өткеніне негізделіп, қазіргі заманғы цифрлық дамыған мемлекеттің барлық атрибуттарымен тиімді болашақты қалыптастыру.

Бұған Мемлекет басшысымен ұсынылған жалпы қоғамның, сондай-ақ әрбір қазақстандықтың қоғамдық сана-сезімін жаңғыртуға арналған бағдарламасы ықпал етеді. Бағдарламаның келесі негізгі түйінді бағыттары анықталған: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық сәйкестікті сақтау, білімге табынушылық, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Бұл бағыттар жаһандану үдерістерін ескере отырып, Қазақстанның жаңа болашаққа бағытын және ашықтығын, сонымен қоса өткен тарихын есте сақтау, мемлекеттердің әлемдік атласында өзінің бірегей «жүзін» ұсыну, экономикалық және

саяси бастамалар арқасында ғана емес, мәдениет саласындағы жоғары жетістіктердің арқасында әлемдік көшбасшылық ұстанымдарға жету ниетін сипаттайды. Және бұл мәдениетімізді, ұлттық кодты сақтап қалу және тарихи-мәдени мұрамызды тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде танымал ету деген негізгі принципті ұстануды білдіреді.

Қазақстанның мәдени және рухани салаларындағы жетістіктерін танымал ету әлемдік қоғамдастық алдында тиімді имиджді қалыптастыруға және мемлекетті бірегей «бренд» ретінде сауатты түрде ілгерілетуіне ықпал етеді, осылайша басқа да көрсеткіштерді жақсартады: экономикалық, саяси және т.б. Мәселен, өз қаражатын инвестициялау туралы шешім қабылданар алдында әлеуетті шетелдік инвестор тек экономикалық немесе саяси факторларды ғана емес, сондай-ақ мемлекет беделін де ескереді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан сыртқы мәдени саясатының жүзеге асырылуы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Атамекен», «Тәрбие және білім», «Рухани қазына», «Ақпарат толқыны» кіші бағдарламалары аясында қазақстандықтардың назарына «Туған жер», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Мемлекеттік тілді латынға көшіру», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» атты жалпыұлттық арнайы жобалар ұсынылды.

Президенттің мақалада айқындаған басты мақсаты - ұлттық бәсекеге қабілеттілік, мұнай сатылымында ғана емес, сондай-ақ жоғары жетістіктерге, соның ішінде мәдениет саласындағы әлемдік жетекші орындарға қол жеткізу.

Сыртқы мәдени саясат елдің халықаралық имиджін жақсарту үшін мәдениет пен мәдени байланыстарды пайдалануды, бүкіл жер шарына ұлттық мәдениетті және тілді таратуды көздейді. Көптеген мемлекеттер өздерінің ұлттық мүдделерін әлемдік аренада қамтамасыз ету үшін мәдениетті қосымша ресурс ретінде белсенді пайдаланады.

Жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениеттің жетістіктерін жоғалтпау, оны дамыту маңызды. Президент Н. Назарбаев мақаласында былай деп белгіледі: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек» [2].

«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасын жүзеге асыру аясында мәдениетті әлемде насихаттауға түбегейлі жаңа тәсілдемеге негізделе отырып

заманауи қазақстандық мәдениетін дамыту және танымал ету Қазақстан халқына бүкіл әлем кеңістігінде өзін таныту және жаһандық әлем картасында өз орнын алуға мүмкіндік береді.

Аталған жоба елімізге шетелдіктердің қызығушылығын тудыру, оның шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік жасайды. Нұрсұлтан Назарбаевтың пікіріне сүйеніп, бүкіл жобаның негізі отандық мәдениетті Біріккен Ұлттар Ұйымының 6 тілінде: орыс, қытай, ағылшын, араб, француз және испан тілдерінде сөйлетуге мүмкіндік беретін бағытталған тәсіл деп айтуға болады. Әрине, бұл міндетті түрде қазіргі замандастарымыздың заманауи мәдениеті болуы керек.

Бұл бағыттағы негізгі қолдау Мәдениет және спорт, Сыртқы істер, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері тарапынан жүзеге асырылады. Жобаның тең жетекшілері – Сыртқы істер министрі Қ. Әбдірахманов және Президент Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі А. Балаева. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде ұлттық мәдениеттің үздік жұмыстарын талдау және іріктеу өткізіледі, екінші кезең оларды шетелде танымал ету жоспарланған.

Бүгінгі күнге шығармаларды жинақтау және жүйелеу бойынша бірінші кезең аяқталды. Мәдениет қайраткерлері, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен тұратын жұмыс және сараптамалық топтар құрылды. Арнайы жобаның шеңберінде іріктеу бекітілген критерийлеріне сәйкес Қазақстанның заманауи мәдениетінің ұзақ және қысқа тізімін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылды. Жобаға кіретін шығармалар Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде, жаңашылдық, ерекшелік, заманауи қоғамның эстетикалық және көркемдік талғамдарына сай болу керек.

Рухани жаңғыру жобалық офисінің ақпараты бойынша, осы жұмыстың нәтижесінде мәдениеттің «Әдебиет», «Театр, кино және хореография», «Классикалық және дәстүрлі музыка» және «Көркемсурет өнері» төрт жанрлары бойынша ең жақсы жұмыстарының қысқаша тізімдері жасалып, оның ішінде 216 әдебиет, 48 театр, кинематографиялық және хореографиялық, 182 көрнекі және 200-ден астам музыкалық шығармалар таңдалды [8]. Сонымен бірге, ақпараттық жылжыту, сондай-ақ осы шығармаларды халық арасында насихаттау бойынша бірқатар жобалар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Жобаның екінші кезеңі - жаһандық әлемдегі таңдалған еңбектерді танымал ету. Жобаны жүзеге асыру мақсатында Мәдениет және спорт министрлігі 2018-2020 жылдарға арналған тиісті іс-шаралар жоспарын бекітті. Сыртқы істер министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігі насихаттау тетіктерін жетілдіру үшін белсенді жұмыс жасайды. Еліміздің шетелдегі мекемелері

әлемнің театрлары, аса ірі кітапханалары, мұрағаттары, галереялары, концерт залдары және басқа да мәдени мекемелерімен байланыстарды орнатуда.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарымен, әсіресе, мәдени өмірді қамтитын мамандандырылған бағдарламалардың авторларымен жұмыс істеу өте маңызды, осыған байланысты Сыртқы істер министрлігі еліміздің заманауи мәдениетінің мәдени мұрасымен танысу мақсатында тұрақты түрде Қазақстанға мәдени-бұқаралық баспасөз турларын ұйымдастыруды сәтті жүзеге асыруда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының тұсаукесері 2017 жылы 17 - 19 қазанда Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде өтті. Іс-шараның мақсаты:

- жаһандық халықаралық қоғамдастықтың даму контекстінде Қазақстанның үшінші модернизациясының перспективаларын таныстыру және талқылау;

- халықаралық қоғамдастықты қазақ халқының дәстүрлі мәдени мұрасы мен Қазақстанның заманауи өнерінің үздік жетістіктерімен таныстыру.

Жобаның алғашқы күні - 17 қазанда ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінің мәжіліс залында «Қоғамдық сананы модернизациялау: қазақстандық жол және Н. Назарбаевтың моделі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция жұмысына Франция, Қазақстан, Ресей, Италия, Америка Құрама Штаттары және басқа елдердің жетекші ғалымдары, қоғам қайраткерлері, мәдениет қайраткерлері, өнертанушылары, философтары мен жазушылары шақырылды. Тұсаукесер аясында «Қазақстан-Астана» фотокөрмесі, картиналар және кітаптар көрмелері, сондай-ақ еліміздің қасиетті жерлерінің картасы туралы тұсаукесер өтті. Әрине, бұл Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің арасындағы халықаралық диалогті дамытудың нақты қадамы болды.

2017 жылы «Dalatunes» онлайн-музыкалық ресурсы іске қосылды, бұл - көне дәуірден бүгінге дейінгі қазақстандық музыкалық қазынаның толық жинағы. Онда тек отандық музыканы ғана емес, сондай-ақ тарихи орындардың онлайн картасы арқылы Қазақстандағы қасиетті орындарға 3D-турды табуға мүмкіндік бар. 2017 жылы Dalatunes тұңғыш ресми музыкалы интернет-порталына 13000 музыкалық трек, 1200 ноталар және 1 700 аккорд жүктелді.

Өткен жылы шетелдіктерді қазақстандық мәдениетпен таныстыру үшін ауқымды жұмыстар жүргізілді. «Қазақстанның мәдени дипломатиясы» атты мақаласында Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы Т. Жұмағұлов 2017 жылдың қорытындыларын атап өтті: «Шет елдерде 200-ден астам тақырыптық іс-шара, оның ішінде: 100-ден астам кездесу, 50-ге жуық конференция, дөңгелек үстел және семинар,

30-дан астам дәріс, 5 кітап және фотокөрме өткізілді» [9].

Арнайы жобаның шеңберінде жүзеге асырылып жатқан іс-шаралардың ішінде «ТМД және шетел мемлекеттерінің ұлттық кітапханаларында қазақстандық әдебиет пен мәдениет орталығының ашылуы» атты халықаралық жобасын баса атап өту қажет. Әлемнің 24 елінің ірі кітапханаларында осындай орталықтар ашылып, жұмыс істеуі - Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының жетістігі. Олардың ішінде, Нью-Йорк қаласының қоғамдық кітапханасы, АҚШ конгресінің кітапханасы, Ка-Фоскари университетінің (Италия) кітапханасы, Румынияның Ұлттық кітапханасы. Орталықтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың кітаптары, оның қызметі мен халықаралық саяси аренадағы рөлі туралы кітаптар, сонымен қатар тарихи, танымал ғылыми және көркем әдебиеттер ұсынылған. Қазақ әдебиеті мен мәдениет орталықтарының ашылуы оқытушылар мен студенттерге қазақ халқының мәдени құндылықтарымен танысуға мүмкіндік береді. Бұл тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері, экономика, саясат және әлеуметтік саладағы табыстары туралы әдебиеттер арқылы айтуға тамаша мүмкіндігі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ү.ж. 12 сәуірде Лондон қаласында өткен кітап жәрмеңкесінде қазақ әдебиеті классиктерінің кітаптары таныстырылды, атап айтқанда М. Әуезовтің «Қаралы сұлу» және басқа да әңгімелері, О. Бөкеевтің «Кісі киік» және басқа әңгімелері және Г. Бельгердің «Таңдаулы шығармалары». Бұл туындылар ағылшын тіліне қазақстандық PEN-клубының қолдауымен британдық сарапшылар С. Гейган мен С. Холлингсворт аударды.

Еліміздің «Астана» балет театры өзінің бағдарламаларын Мәскеу, Пекин, Париж, Вена, Милан және басқа қалалардың мәдени алаңдарында, сондай-ақ Нью-Йорктегі Линкольн орталығының сахнасында таныстырды.

Қазақстанның жаһандық әлемдегі қазіргі заманғы мәдениетін танымал етуге және дизайнерлік брендтерді әлемдік нарыққа шығару мақсатында отандық дизайнерлер ағымдағы жылдың қаңтар айында Парижде өткен «Oriental Fashion Show» сән көрсетіліміне, сондай-ақ Global Fashion Startup халықаралық жобасының аясында еліміздің өкілі өз прет-а-порте коллекцияларын шетелдіктердің назарына ұсынды.

2018 жылдың қыркүйек айында мемлекетіміздің тарихында тұңғыш рет күллі дүниеге қазақстандық өнерді ілгерілетуге бағытталған ауқымды «Focus Kazakhstan» жобасы Лондондағы әлемдік өнер сахнасында көрсетілді. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Ұлттық музей ұйымдастырған бұл көрмеде халықаралық көрермендер XX ғасырдың 30-шы жылдарынан

бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстанның бейнелеу және заманауи өнерінің шығармаларын көре алады. 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап 2019 жылдың наурыз айына дейін Focus Kazakhstan көрмелері Лондон (Ұлыбритания), Берлин (Германия), Сувон (Оңтүстік Корея) және Нью-Йорк (Америка Құрама Штаттары) қалаларында өткізеді деп жоспарланған.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлығына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады» деген болатын [2]. Өзіндік әдістері арқылы мәдениет Қазақстанның имиджін бекітуге және әлемдік деңгейде лайықты орынды қалыптастыруға ықпал етеді.

Жұмыстың маңызды бөлігі ұлттық мәдениетті халықаралық аренада көтермелеу, мәдени брендтеріміз туралы хабардарлықты арттыру болып табылады. Шетелде мәдениетімізді насихаттау жөніндегі іс-шараларға шығындар қажет, осы себептен біздің дипломатиялық миссияларымыз Мәдениет және спорт министрлігімен және басқа да мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар, жеке кәсіпкерліктер және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп осындай жобаларға, соның ішінде қаржылық жобаларға үлесін қосады.

Нәтижесінде, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қоғамның санасын жаңғырту бағдарламасы ретінде халықтың санасы мен рухани және мәдени құндылықтарына ғана емес, сондай-ақ еліміздегі және шетелдегі экономикалық, саяси үдерістерге әсер етіп, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының ажырамас бөлігі болып табылады.

Бұдан бөлек, бұл бағдарлама Қазақстанның «жұмсақ күшін» қалыптастыруға ықпал етеді, яғни жаһандық деңгейде бітімгер имиджін растайтын болады.

Тиісінше, жоғарыда аталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберіндегі жобаларды іске асыру Қазақстанның сыртқы мәдени саясатына жаңа серпін және жүйелілік береді, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 939 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасын толықтыратын Қазақстанның мәдени дипломатиясының міндеттерін шешуге ықпал етеді.

Мәдени жобалар мәдениет күндерін өткізу, халықаралық конкурстар мен фестивальдарға қатысу, шығармашылық ұжымдарға экскурсиялар ұйымдастыру, қазақстандық мұражай қорларының көрмелерін және тұсаукесерлерін өткізу, кино күндері түрінде жүзеге асырылады.

«Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру

да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс», деп Елбасы атап өтті [2].

Жоба ұзақ мерзімді перспективада жүзеге асырылады және көптеген жылдар бойы қазақстандық мәдениетті дамытуға бағытталған. Маңызды мақсат - мәдениетімізді халықаралық аренада көрсету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Сонымен бірге, қазақстандық мәдениетті әлемдік алаңда ілгерілетуі ел ішінде оның қабылдауын және оған деген көзқарасты жақсартуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы кең қолдау тапты және қоғамдағы жаңғырту үдерістеріне қуатты серпін берді. Бұл бастаманы жалғастырып қана қоймай, сонымен қатар жаңа мазмұн мен бағыттармен толықтыру керек. Сонымен бірге, барлық басым бағыттар бойынша жұмыс жүйелі және жоспарлы негізде жүзеге асырылуы тиіс.

Тамыры терең бай тарих және қазіргі заманғы мәдени әлеуеттің жоғары деңгейі Қазақстанның оң имиджін қалыптастырудағы жетекші факторлардың бірі бола алады.

Сонымен бірге, рухани-мәдени әлеуетті сақтау және толықтыру, ұлттық мәдени мұраны тарату бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі мақсаттары мәдени фактордың дамуына үлкен үлес қосып, қазақстандық мәдени саясатты жүйелі мемлекеттік деңгейде қалыптастыруға және халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның «жұмсақ күші» әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. // «Егемен Қазақстан», 2017 ж., № 20 (29001).
 2. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан», 2017 ж., №70 (29051).
 3. Nye J., Jr. Soft power / Nye J., Jr. // Foreign Policy. – Washington. – 1990. – № 80.
 4. Nye J., Jr. Public Diplomacy and Soft Power// The Annals of the American Academy of Political and Social Science – 2008. – № 616 (1).
 5. Nye, J., Jr., The Future of Power. New York: Public Affairs. - 2011.
 6. Астафьева О.Н. Концептуальные основания культурной политики: от теории к практике // Синергетика: будущее мира и России. М.: ЛКИ, 2008.
 7. Cultural policy: preliminary study. Paris: UNESCO, 1969.
 8. Рухани жаңғыру жобалық офисі, Абай к., 33а, Астана қ.
 9. Т. Жұмағұлов Қазақстанның мәдени дипломатиясы // Айқын, 2018.-№62.
-